

Бекітемін

«Ақбота бөбекжай-бақпасы» МКҚК

менгерушісі:  А.К. Қыркымбаева



Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы: «Өю-өрнек сәніміз!»

Орындаған: Садуақасова.А

Жуантөбе ауылы 2022-2023 оқу жылы.

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Білім беру бөлімі: Жапсыру

Тақырыбы: «Ою – өрнек сәніміз».

Мақсаты: Балаларды халық мәдениетіне үйрету. Балаларды ою – өрнек түрлерімен таныстыру. Ою – өрнекті жапсыру арқылы қолды жаттықтырып, саусақ бұлшықеттерін дамытып, балалардың шеберлігін ұштау.

Дамытушылығы: Балалардың есте сақтауын, жылдамдық, шапшаңдық қасиеттерін дамыту.

Тәрбиелігі: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Жұмыс үстінде ұқыптылыққа, сұлулыққа, жинақылыққа назар аудара отырып, эстетикалық тәрбие беру.

Әдіс-тәсілдері: Түсіндіру, сұрақ – жауап, сызу, қию, жапсыру.

Көрнекілігі: Үлгі ұлттық ою – өрнектер суреті, киіз үлгісі, ою – өрнектердің сызбасы, құмтерапиясы, желім, қайшы

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың қызметі
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбері; Алақанды ашайық, Күннің нұрын салайық Таза ауадан дем алып Жүрек жылуын алайық. Жиналған жылы шуақты, Қонақтарға сыйлайық.	Балалар шаттық шеңберіне тұрып сәлемдесу рәсімін айтады.
Ұйымдастыру, ізденушілік	- Балалар, біздің Республикамыз қалай аталады? - Біз қай ұлттың баласымыз? - Иә, біз қазақпыз, біздің өз рәміздеріміз, тіліміз, салт - дәстүріміз бар. Бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы: «Ою - өрнектер сәніміз» Деп аталады.	Балалар таңдана қарайды Қазақстан

- Балалар, әр халықтың өзіне тән ұлттық белгілері бар. Қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерінің бірі – ұлттық ою - өрнектері. Ертеде ою - өрнек арқылы бір нәрсені біліп, үйренуге болған, ол бір мағына ұғымды берген. Тәрбиеші: - Қане, балалар ою- өрнек туралы не білесіңдер? Ою - өрнек деген сөзіміз латын тілінен алынған, “Орнамент” (әшекей) деген ұғымды білдіреді. Мағынасы сәндеу, әсемдеу деген сөзден шыққан. Тәрбиеші: Ою - өрнектің қандай түрлерін білесіңдер? Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар балалар. Балалар осы ою-өрнекті ата-бабамыз өздерін қоршаған табиғаттан, жан-жануарлардан алған екен. Мына бейнетаспадан оюдың түрлерін көрейік. Мысалы: мына «қошқар мүйіз» оюын қошқардың мүйізіне қарап, «жұлдыз» оюын жұлдызға, «құс қанаты» оюын құсқа қарап, жасаған екен. Тәрбиеші:- енді осы ою - өрнек туралы қандай мақал - мәтелдер білесіңдер? 1.Ою ойганның – ойы шұқыр. 2.Өз үйінде ою оймаған, Кісі үйінде сызу да сыза алмас. 3.Ойсыздан оюшы шықпайды. Ғажайып сәт.музыка әуенімен орыс ұлттың қонақтары кіріп келеді. Қонақтар балалармен амандасады.	Балалардың жасауы Қошқар мүйіз,құс қанаты,жұлдыз Балалар мұқият тыңдайды Балалар мақал мәтелдерді қайталайды. Балалар амандасады.
--	--

Здравствуйте ребята!
 Балалар бізге қонақтар келіпті.
 Сіздер қай жақтан келдіңіздер?
 Откуда вы приехали? Біз аздап
 қазақша білеміз. Қазақтың салт -
 дәстүрін білгіміз келіп Қазақстанға
 келдік. Балалар біз сіздермен ойын
 ойнағымыз келіп тұр. Сендер
 орысша білесіңдерме? **Логикалық
 ойын:** Мен сендерге дорбамнан
 суреттер алып көрсетемін. Сендер
 атын
 орысша айтасыңдар. Ең бірінші
 қоржынды сұрайды. Бұл не? Аты
 қалай аталады?
 /Қоржын/Бұны маған
 Қазақстандағы достарым сига
 берді.
«Ненің суреті жасырылған?»
 Ойынның шарты: жасырылған
 суреттерді тауып, атын орысша
 айтасыңдар. Қонақтар суреттер
 көрсету арқылы сұрайды.
 Мынау не?
 Түйе
 Құс
 Қошқар
 Қаз
 -Балалар, біздер осы ою - өрнектерді
 көзімізбен көру үшін ауылға әндетіп
 ауылға барғыларың келеме? Әжесіміз
 біздерді ауылға текемет тоқуға,
 басқұр жасауға көмектесуге
 шақырған. Қонақтарды ерте
 барайық.
 - Балалар ауылға сергіту
 жаттығуын жасап әндетіп
 барады.

Ресейден

Ою - өрнектердің
 аттарын орыс
 тілінде атайды.

Жетекші жөндеуші:

Сергіту сәті.

Ал балалар, тұрайық,

Ою-өрнек сызайық.

«Қой ізі» мен «қос мүйіз»,

«Қарға тұяқ», «Құс қанат»

«Бүршік» пен «Гүл» әдемі

Ою- өрнек әлемі.

Әжемізге барайық, сәнді өрнек
салайық.

Сәлеметсізбе әже? Бұл кестенің
сырына қанық болып.

Қошқар мүйіз, өрнегін салып беріп,

Өнерімен өзгелерді тамсандырған

әже сізге Біздің балалар көмекке
келді?

Әже: Амансыңдар ма балаларым.

Жолдан қиналмай жеттіңдер ме?

Сендердің қадамдарың құт болды,

осы ою - өрнектердің сырын білуге

қонақтарымызға бар білгендеріңді

бірге айтып ою- өрнек туралы

түсінік берейік.

Мен де бұл

Өнерді- таудың бұлағынан,

Қойдың құлағынан,

Апамның киізінен,

Қошқардың мүйізінен үйрендім. Ал

отырыңдар балалар.

Тәрбиеші: Балалар Мынау: кілем

Мынау: қоржын, текемет осының

бәрін әжеміз өзі жасаған.

Балалар, қараңдаршы қандай әсем

бұйымдар. Енді балалар біз қазір 3 -

топқа бөліну арқылы әжемізге өз

білімдерімізді көрсетіп әрі әжемізге

көмектесеміз.

1-топ

Оюды қияды сырмақты

безендіреді

2-топ

Оюды түрлі-түсті құммен

безендіру.

Іс- қимыл арқылы
орындайды

Амансыз ба ,әже!

Балалар өз
жұмыстарына
кіріседі

3- топ

Марьлімен жапсыру арқылы оюды бояу.

Орындау тәсілін көрсету

1-ші топқа:

Балалардың үстелдерінде қағаз бетінде оюлар бейнеленген сол оюды қиып, кілемшеге жапсырып безендіреміз.

2- ші топқа:

Дайын оюға бірінші желім жағып, оның үстінен түрлі -түсті құммен безендіреміз.

3- ші топқа:

Марьліні суга малып аламыз, содан сол марьліні оюдың бетіне жапсырып үстінен гуашпен бояймыз.

Тәрбиеші балалардың жұмыстарын мақтап әжеге айтады, көрсетіп.

Әженің алғысы . Ой балалар

шеттеріңнен өнерлі

екенсіңдер. Сендерге біраз

базарлықтарым бар соны қабыл

алыңдар. Қыздарға қазақтың

білезіктерін, ұлдарға асықтар

силауға болады.?????

Жақсы балалар әжеге сау бол

айтайық. Балалар бізде осы жерден

қайтайық

Қонақтар ой балалар, қандай

білімді едіңдер біз ою -өрнек туралы

біраз нәрсе біліп алдық ,біз елімізге

барып қазақ халқының ою- өрнегі

туралы айтып беретін боламыз.

- До свидания ребята!

Бүгінгі оқу қызметінде не жайлы

өттік. Оқу қызметі сендерге

ұнадыма?

Балалар әжемен
қоштасады

Иә ұнады

	Ұнаса қолдарыңдағы белгілерді көрсетіңдер. Ұнаса қызыл, ұнамаса жасыл белгіні көрсетесіңдер. Балалар сендер оқу-қызметіне барлығың жақсы қатыстыңдар. Жарайсыңдар, балалар!	Балалар қуанады
--	--	------------------------

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Ұлттық ою - өрнек туралы білу.

Нені игеру керек: Берілген жұмыстарды дұрыс орындау.

Нені жасай білу керек: Ою – өрнектерді.